«ОҚЫ ДА, ҚУАН!» ӨҢІРЛІК АКЦИЯСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

(«Ұшқыр ой алаңы» және «Балалар кітапханасы» жобалары аясында)

1. Жалпы ережелер

«Оқы да, қуан!» акциясы білім алушылардың оқу белсенділігін арттыруға, балалар әдебиетін насихаттауға және дебаттық/талқылау қозғалыстары арқылы оқығанды танну мен сыни ойлауды дамытуға бағытталған.

2. Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Білім беру ұйымдарында білім алушылары арасында оқу мәдениетін қалыптастыру, кітап оқуды жағымды әрі қызықты әдетке айналдыру, оқырмандық белсенділікті арттыру.

Міндеттері:

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында балалар әдебиетінің алтын қорын насихаттау;

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы арқылы оқылған шығармалар бойынша пікірталас, дебат және интеллектуалдық талқылаулар ұйымдастыру;

Білім алушылардың қорын, сыни ойлауын, шығармашылық және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту;

та-аналар мен педагогтерді бірлескен отбасылық оқуға тарту.

Нысаналы аудитория: Жалпы білім беретін мектептердің 1–11 сынып білім алушылары, педагогтер, мектеп кітапханашылары, ата-аналар.

4. Өткізілу мерзімі: 2026 жылғы 20–24 қазан аралығы

. Негізгі бағыттар мен іс-шаралар форматы бойынша:

Бағыты	Мақсатты топ	Іске асыру нысандары мен механизмдері
«Балалар кітапханасы» *(Оқырмандық белсенділікті арттыру мен балалар әдебиетін насихаттау)*	Бастауыш сынып оқушылары (1–4 сыныптар)	**«Кітаппен өткен қуанышты минуттар»** — сабақ басталмас бұрын немесе тәрбие сағаттарында 5 минуттық дауыстап оқу минуттықтарын ұйымдастыру; мұғалімнің немесе жоғары сынып оқушыларының қызықты ертегілер мен әңгімелерден үзінді оқып беруі.
«Балалар кітапханасы» *(Цифрлық оқу мәдениетін дамыту)*	Орта және жоғары сынып оқушылары (5–11 сыныптар), мектеп медиа-орталықтары	**Буктрейлерлер мен подкасттар конкурсы** — оқушылардың сүйікті кітаптары бойынша 1–2 минуттық қысқа бейнешолулар (буктрейлер) жасауы, мектеп подкасттарында кітаптарды талқылауы, үздік бейнероликтерді мектептің және УМЦ-нің әлеуметтік желілеріне орналастыру.
«Балалар кітапханасы»	1–11 сынып оқушылары, педагогтер, мектеп	**«Кітап алмасу (Букроссинг)»** — мектеп холлында немесе

(Мектептегі оқырмандық ортаны қалыптастыру)	кітапханашылары, ата-аналар	кітапханада ашық кітап сөрелерін («Bookcrossing zone») ұйымдастыру; «Кітапқа екінші өмір сыйла» ұранымен оқыған кітаптарды бір-бірімен еркін алмасу акцияларын өткізу.

«Ұшқыр ой алаңы» бағыты бойынша:

Бағыты	**Мақсатты топ**	**Іске асыру нысандары мен механизмдері**
«Ұшқыр ой алаңы» *(Сыни ойлау мен шешендік өнерді дамыту)*	Орта және жоғары сынып оқушылары (7–11 сыныптар), мектеп дебат клубтары	**«Әдеби ринг / Дебаттар»** — оқылған көркем шығармалардағы кейіпкерлердің іс-әрекеті, моральдық таңдаулары мен қоғамдық мәселелер бойынша дебаттық турнирлер мен пікірталастар ұйымдастыру.
«Ұшқыр ой алаңы» *(Зияткерлік және танымдық дамыту)*	5–9 сынып оқушылары	**Интеллектуалдық КВИЗ және Брейн-рингтер** — «Балалар кітапханасы» тізіміндегі кітаптар желісі бойынша командалық зияткерлік ойындар, викториналар мен интерактивті квесттер өткізу.
«Ұшқыр ой алаңы» *(Шығармашылық өзін-өзі білдіру)*	1–11 сынып оқушылары, ата-аналар	**«Автормен / кейіпкермен сұхбат»** — оқушылардың сүйікті кейіпкерінің атынан монолог айтуы, шығармаға альтернативті (басқаша) аяқтама жазуы, отбасылық өнер көрсетулері мен әдеби қойылымдар.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың оқырмандық сауаттылығы мен кітап оқуға деген уәжділігінің артуы;

Білім беру ұйымдарында әдеби дебаттық клубтар желісінің кеңеюі;

Балалардың сөйлеу мәдениеті мен өз ойын еркін білдіру дағдыларының жақсаруы.